

«Бекітемін»

Түркістан облысы білім
басқармасының «Ғани Мұратбаев
атындағы «Жетісай гуманитарлық-
техникалық колледжі»»
МКҚК-нің директоры
Л.А.Баймаханова



Түркістан облысы білім басқармасының «Ғани Мұратбаев атындағы «Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі»» МКҚК-нің
сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен
жағдайларды жою жөніндегі
іс-шаралар жоспары

№	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі	Аяқталу формасы
1	Мекеменің 28.08.2023 жылғы №129ж/қ бұйрығына сәйкес, сағат көлемінің жетіспеуіне байланысты барлығы 7 (жеті) қоса атқарушы жұмыскерлермен еңбек шарттары тоқтатылған. Бірақ, Мекеме тарапынан мансап орталығына (еңбек мобильділігі орталығына) жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты алдағы уақытта жұмыскерлердің жұмыстан босатылатыны туралы, босатылу қатысты болуы ықтимал жұмыскерлердің саны мен санаттары туралы ақпаратты жұмыстан босатылатын жұмыскерлердің лауазымдары мен кәсіптерін, мамандықтарын, біліктілігі мен еңбегіне төленетін ақының мөлшерін және олар босатылатын мерзімдерді көрсете отырып, босату басталғанға дейін бір айдан аз уақыт бұрын жазбаша немесе Электрондық еңбек биржасы	Атабаев Серік	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма

	арқылы толық көлемде ақпарат бермеген. Бұл жерде, Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 11) тармақшасы және ҚР Әлеуметтік кодексінің 103-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы бұзылған.			
2	Мекеменің 01.11.2023ж. №328ж/қ бұйрығымен К.Басарова атқарып отырған жұмысшы қызметінен еден жуушы қызметіне ауыстырылған. Бірақ, қызметкермен жаңадан еңбек шарттары жасалған. Еңбек кодексінің 33-бабының 2-тармағына сәйкес, басқа жұмысқа ауыстыру кезінде еңбек шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қосымша келісім түрінде жазбаша нысанда жүзеге асырылу керек.	Атабаев Серік	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма
3	Осы сияқты, 06.05.2024ж. №81ж/қ бұйрықпен А.Абеннова кір жуу машиналарының операторы қызметінен вахтер қызметіне ауыстырылған. Бірақ, қызметкермен жаңадан еңбек шарттары жасалған. Еңбек кодексінің 33-бабының 2-тармағына сәйкес, басқа жұмысқа ауыстыру кезінде еңбек шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қосымша келісім түрінде жазбаша нысанда жүзеге асырылу керек.	Атабаев Серік	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма
4	Мекемеде жұмыскерлердің жұмыс істеген жұмыс уақыты нақты есепке алу жүргізілмеуде. От жағу маусымындағы от жағушылардың және күзетшілердің нақты жұмыс	Мырзабеков Мақсат	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма

	атқарған уақыттары дұрыс есепке алынбаған			
5	Мереке күндері жұмысқа тартылған жұмыскерлердің жұмыс уақыттарын есепке алу жүргізілмеуде. Бұл жерде, Еңбек кодексінің 79-бабы 1 және 2-тармақтарының талабы сақталмаған.	Атабаев Серік	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма
6	Еңбек кодексінің 92-бабының 4-тармағында «Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу ол басталғанға дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал еңбек демалысы демалыстар кестесінен тыс берілген жағдайда, ол берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі» деп жазылған. Бірақ Мекемеде бұл талап сақтала бермейді. Мысалы: 01.02.2024ж. №20ж/қ бұйрықпен кезекті еңбек демалысына жіберілген С.Мауленоваға еңбек демалысының ақысы 01.03.2024ж. төленген болса, 14.05.2024ж. №84жқ бұйрықпен кезекті еңбек демалысына жіберілген Х.Зиябековқа еңбек демалысының ақысы 23.05.2024ж. төленген.	Айдарханова Айгүл	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма
7	Мекемеде еңбек шарты тоқтатылған кезде жұмыскерге тиесілі сомаларды төлеу уақытылы жүргізілмейді. Мысалы: 08.01.2024ж. №06ж/қ бұйрықпен жұмыстан босатылған Б.Оразға тиесілі сомалар 29.01.2024ж. ғана төленген. Осы сияқты, 19.02.2024ж. жұмыстан босатылған Б.Махаеваға тиесілі сомалары 01.03.2024ж.	Айдарханова Айгүл	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма

	төленген болса, 12.03.2024ж. жұмыстан босатылған Б.Алибековаға тиесілі сомалары 18.03.2024ж. төленіп, Еңбек кодексінің 113-бабының 4-тармағында «Еңбек шарты тоқтатылған кезде жұмыс берушіден жұмыскерге тиесілі сомаларды төлеу ол тоқтатылғаннан кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі» деп жазылған талабы бұзылған.			
8	Мекемеде elektrik жұмысын атқаратын Р.Токсанбаев еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан және білімін тексеруден өткізілмеген. Электр қауіпсіздігі бойынша арнайы рұқсаты жоқ. Еңбек кодексінің 182-бабы 2-тармағы 2) тармақшасында «жұмыс беруші жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқау беруді және білімдерін тексеруді өткізуге, сондай-ақ меншікті қаражаты есебінен өндірістік процесс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылған	Атабаев Серік	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма
9	Мекеменің еден жуушы, электромонтер және басқа да жұмыскерлері «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 943 бұйрығымен бекітілген нормаға сәйкес арнайы киім мен қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілмеген.Еңбек	Мырзабеков Мақсат	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма

	кодексінің 182-бабы 2-тармағы 4) тармақшасында «жұмыс беруші жұмыскерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасауға, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға сәйкес жұмыскерлердің арнайы киімі мен аяқкиімін беруді және жөндеуді, оларды профилактикалық өңдеу, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен немесе бірдей тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдермен, жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен жабдықтауды қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылған. Мекеме жұмыскерлері жұмыстар мен мамандық түрлері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етілмеген. Мекемеде жұмыстар мен мамандық түрлері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар әзірленбеген және бекітілмеген.			
10	Мұғалімдерге сағат бөлу кезінде белгілі бір алгоритм бекітілмеген. Бұл өз кезегінде, сағат бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.	Мырзахасова Гулия	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма
11	Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптары сақталмаған	Атабаев Серік	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма

12	Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған	Атабаев Серік	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма
13	Мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану кезінде заңнама талаптары сақталмаған	Атабаев Серік	15.08.2024ж	Хаттамалық тапсырма

Комплаенс-офицері Н.Б.Джетыбаева Н.Б.Джетыбаева